

1. Студенттердің өзіндік жұмысы

Жұмыс түрлері. Олардың жалпы сипаттамасы. Жазуға қойылатын талаптар

1. Өзіндік жұмысты жазудың мақсаттары

Өзіндік жұмыс – оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік жетекшілігімен студенттердің танымдық қабілеттерін дамыту және өзіндік үздіксіз білім көтеруге бағытталған студенттердің жоспарланған жұмысы.

Оқу және ғылыми материалдың күрт өсуіне байланысты, пәнді оқуға арналған аудиториялық сағаттардың жетіспеушілігі барысында оқу үдерісі шеңберінде СӨЖ маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орнының кез келген бітірушісі студенттердің өзіндік жұмысы барысында қалыптасатын іргелі білімге, кәсіби қызметтің дағды, машықтарына, шығармашылық және зерттеу қызметінің тәжірибесіне, әлеуметтік және коммуникативті құзыреттерге ие болуы қажет.

СӨЖ-дің дидактикалық міндеттері: аудиториялық сабақ барысында алған білімді бекіту, тереңдету, ұлғайту, жүйелеу; жаңа оқу материалын дербес түрде меңгеру; кәсіби машықты сондай-ақ дербес ойлау қызметінің дағдысын дамыту; дербес ойлау қабілетін, заңи әдебиетке, тәжірибелік заңи қызметке, құқық шығармашылық үдерісіне қызығушылықты жетілдіру.

СӨЖ-дің негізгі нысандары: үй жұмысы; жекелеген тақырыптар бойынша рефераттар дайындау; ғылыми студенттік үйірмелердің және ғылыми конференциялардың жұмысына қатысуды білдіретін, студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары (студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары - СӨЖ және студенттердің және ғылыми-зерттеу жұмыстары СҒЗЖ); аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу.

Үй жұмысы тәжірибелік және семинар сабақтарына өз бетінше дайындалудан, оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын кез келген дербес оқу қызметі түрінде көрінеді. Негізгі қызметі – өз бетінше оқу машығын дамыту, жұмыстың әдістері мен құралдарын анықтау, оқуды жоспарлау болып табылады. Үй жұмысы аудиториялық сабақтарда алынған білім мен машықтарды бекітуге, дағдыны қалыптастыруға, жаңа материалды меңгеруге барынша көмектеседі.

Өзіндік жұмыстарды табысты орындауды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар: тапсырмаларды орындауға қатысты міндеттер мен ұсыныстардың нақты берілуі; оқу тапсырмасының негізделуі (не үшін, неге көмектеседі); үй тапсырмаларының тиімді көлемі; оқытушы арқылы есептің нысаны, тапсыру мерзімдері; кеңес беру түрлерін анықтау; бағалау критерилері оценки, бақылаудың түрлері және нысандары.

Студенттердің өзіндік оқу жұмыстарының мазмұнын құрайды: оқытушымен ұсынылған әдебиеттерді оқу және конспектілеу; курстың нақты тараулары, бөлімдері бойынша тәжірибелік сабақтарда талқылаумен ұштастыра отырып есептер шешу; семинарда немесе ғылыми студенттік үйірменің отырысында талқылай отырып, сот істеріне шолу жасау; оқытушының тапсырмасы бойынша сот мәжілістеріне қатысу, әртүрлі ұйымдардың заң бөлімдеріне, нотариалдық кеңселердің жұмыстарымен танысу; үй тапсырмасы түрінде заң жобаларына пікірлер дайындау;

тәжірибелік сабақтармен ұштастыра отырып, зерттелінетін тақырып аясында құқықтық құжаттардың жобасын дайындау.

Рефераттарды дайындау – СӨЖ ұйымдастыру және бақылаудың бір нысаны. Реферат (лат. *referre* – баяндау, хабарлау) – бұл ұтымды бағалау арқылы қайнар көздің мазмұнын қысқаша баяндау немесе бірнеше қайнар көздерді салыстыру және талдау негізінде қандай да болмасын проблеманың жай-күйін ашу. Оқу үдерісіндегі мазмұны және қызметіне байланысты рефераттарғылыми -проблемалық және шолу-ақпараттық болып бөлінеді.

Рефератты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен дербес жұмыс істеу машығы жазу мақсаты - студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен, жарияланған сот- тергеу тәжірибесімен дербес жұмыс істеу машығын жетілдіру. Студенттероларды талдау және жалпылау негізінде өзіндік негіздеу арқылы теориялық және тәжірибелік сипаттағы қорытындылар жасай алады. Рефераттардың тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқытушы арқылы анықталады. Қандай да болмасын кітаптың немесе мақаланың мазмұнын қысқаша баяндаумен байланысты рефераттар сәйкес тақырып бойынша дипломдық жұмысты дайындаудың алғашқы кезеңі болап қарастырылуы мүмкін. Реферат көлемі машиналық мәтіннің 15-20 беттік түрі ретінде бола алады. Рефераттың әдет тегі құрылымы: жоспар; тақырыптың негізделуі және міндеттері көрсетілген кіріспе; бірнеше параграфтан тұратын негізгі бөлім; тақырып бойынша жасалған түйіндер қарастырылған қорытынды; библиографиялық тізім.

2. Жұмысқа қойылатын жалпы талаптар

Студенттер өзі ндік жұмыстың тақырыбын тандауда келесідей ережелер ескерілуі тиіс:

- жұмыс нақты студенттің қабілетіне, мүддесіне, еркіне жауап беруі тиіс,
- жұмыс юриспруденция мамндығына пайдалы болуы керек (нақтырақ айтқанда тақырып ғылымның қазіргі жағдайын ескере отырып, мақала ретінде шығару үшін жарауы тиіс). Айтылғандар ғылымның алдыға қарай жылжуына байланысты студенттердңі талаптарына жауап бере алатындай қайталанбауы қажет. Одан кейінгі тағы бір мүмкіндік көшіруге жол бермеу мақсатында өзіндік жұмыстардың нақты тақырыптары берлімейді.

3. Өзіндік жұмыстардың негізгі бағыттары

Рефераттар (баяндамалар)

Негізгі оқу курсы бойынша сындарлы шолу (салыстырмалы талдау) жасалынатын және уақыттың тарлығына байланысты негізгі бағдарламамен қамтылмай қалған пәннің проблемаларына байланысты тақырыптар беріледі. Нақтырақ айтқанда, негізгі курсқа байланысты оларды үш топқа бөлуге болады: а) негізгі курстақысқаша қамтылған тақырыпты тереңірек ашу мақсатында; б) міндетті курста мүлдем қамтылмаған тақырыптар; в) студенттердің өзіндік жұмысына қатысты емес міндетті курста қарастырылатын тақырыптар.

Өзіндік жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар

Жұмыс компьютерде терілуі қажет. Мәтінде курсы, пәні, автордың тегі, жұмыстың атауы көрсетілуі тиіс. Егер жұмыс аударма болса сол материалдың библиографиялық нақты мәліметтері берілуі қажет. Сонымен қатар аудармаға кәсіби терминдердің сөздігі қоса берілуі тиіс. егер де жұмыс аударма болмаса оның мазмұны беріледі. Жұмыстың соңғы бетінде міндетті түрде падаланылған әдебиеттердің нөмірленген тізімі міндетті түрде көрсетіледі. Мәтінде осы тізімдегі жұмыстың нөмірлері міндетті түрде тікелей жақшамен тиісті жерлері көрсетіліп тұруы тиіс.

Өзіндік жұмыстарға дайындық және оны жазу

Тақырыпты таңдау. Жоғарыда айтылған бағыттар бойынша тақырыпты алдын ала таңдауды студенттің өзі жүзеге асырады. Тақырыпты нақтылау, оқытушымен кеңесу арқылы жүргізіледі және жоспар жасалып, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі нақтылана түседі. Туындаған кез келген сұрақтарға байланысты студент оқытушыдан жауап ала алады. Қажетті жағдайларда консультациялар тағайындалады. Сессияға екі апта қалғанға дейін жұмыс оқытушыға тапсырылады. Өзіндік жұмысты қорғауға сессия кезінде рұқсат беріледі.

Өзіндік жұмысты бағалау критерилері

Оқытушы әр студенттен жұмысты қабылдауда ауызша сұрақтар қояды. Студент жұмыстың мәтініне байланысты оқытушының қойған сауалына жауап беруі тиіс. Жауап беру барысында мәтіндегі бейнеленген материалды игергендігін (өзі жазғандығын, аударғандығын, көшіріп алғандығын) көрсетуі қажет. Жұмысты бағалауда мәтіннің жазбаша нұсқасын және студенттің өзіндік жұмысты жазудағы жаңашылдығын және түпнұсқалығын, берілген қорытындылар және нұсқаулардың негізділігін ескеруі тиіс.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАМАЛАР

1- тақырып. «02 қаңтар 2021 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, жалпы сипаттамасы» - 25 балл Сабақтың мақсаты:

Студенттерге Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің (02.01.2021 ж. қабылданған) құрылымын, мазмұнын, негізгі қағидаттары туралы білім қалыптастыру.

Негізгі сұрақтар:

1. ҚР Экологиялық кодексінің қабылдану мақсаты мен алғышарттары.
2. Кодекстің құрылымы: бөлімдері, тараулары, баптарының саны.
3. Жаңа кодекстің бұрынғы (2007 ж.) Экологиялық кодекстен айырмашылығы.
4. Экологиялық реттеу қағидаттары: «ластаушы төлейді», «жасыл технологиялар», «үздік қолжетімді техникалар».
5. Экологиялық бақылау мен жауапкершілік жүйесі.

Бақылау түрі:

Ауызша сұрау, талдау сұрақтары.

Әдістемелік нұсқау:

Студенттер сабаққа дейін ҚР 2021 ж. Экологиялық кодексінің құрылымымен танысып келуі тиіс. Сабақ барысында негізгі баптарға тоқталып, алдыңғы кодекспен салыстыру тапсырмасы беріледі. Талқылауда практикалық мысалдар келтіріледі (қалдықтарды басқару, экологиялық рұқсаттар, ҚОӘБ рәсімі).

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ.

2- тақырып: Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару – 25 балл**Сабақтың мақсаты мен міндеттері:**

Студенттердің экологиялық құқық саласындағы мемлекеттік басқару тетіктерін терең түсінуін қамтамасыз ету;

Зерттеу, талдау және көпшілік алдында баяндау дағдыларын дамыту; Топтық жұмыс пен ғылыми ойлауды қалыптастыру.

Сабақтың форматы (Нысаны):Топтық жұмыс (2–3 студент бірігіп орындайды).

Тапсырма мазмұны:Әрбір топ мемлекеттік реттеу мен басқару функцияларының бірін таңдайды (мысалы: экологиялық сараптама, экологиялық сақтандыру, қоршаған ортаға эмиссияларды реттеу, қалдықтарды басқару, экологиялық бақылау, қоршаған ортаны қорғаудағы экономикалық тетіктер және т.б.).

Сол функция бойынша:Презентация (PowerPoint немесе басқа форматта) әзірлейді.Қысқаша реферат (3–5 бет көлемінде) жазады.Сабақта өз жұмыстарын қорғап, талқылауға қатысады.

Бақылау түрі:

Презентация қорғау. Реферат тапсыру. Топтық жұмыс нәтижесін бағалау

Әдістемелік нұсқау:

Топтарға бөлу сабақ басында жүргізіледі.

Әр топ таңдалған функцияны ҚР Экологиялық кодексінің тиісті баптарына сүйене отырып ашады. Презентация 7–10 слайдтан аспауы тиіс.

Реферат ғылыми стильде, әдебиеттер тізімімен жазылады.

Қорғау кезінде әр студент қатысуы тиіс (бірі таныстырады, бірі талдайды, бірі қорытынды жасайды).

Әдебиеттер:

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (02.01.2021 ж., №400-VI ҚРЗ).

3- тақырып:

«Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу барысында»:

**«Құрлықтың экожүйесін сақтаудың құқықтық негіздері»,
«Теңіздегі экожүйені сақтаудың құқықтық негіздері»,
«Климаттың өзгеруімен күрестің құқықтық негіздері»,
«Таза су және халықтық санитарлық жағдайын құқықтық реттеу»**
Студент осы тақырыптардың бірін таңдап, жазбаша реферат әзірлеуі және оны қорғауы тиіс. – **25 балл**

Нысаны:

Жеке жазбаша жұмыс (реферат) және ауызша қорғау.

Сабақтың мақсаты:

Студенттердің Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) аясында экологиялық құқықтың негізгі бағыттарын игеруін қамтамасыз ету. Таңдалған экожүйе немесе құқықтық сала бойынша заңнамалық негіздерді талдау. Халықаралық тәжірибе мен ұлттық заңнаманы салыстыра отырып, ұсыныстар жасауға үйрету. Ғылыми талдау жасау, құқықтық ұсыныстар енгізу.

Негізгі сұрақтар:

ҚР заңнамасындағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің құқықтық негіздері. Таңдалған экожүйеге қатысты экологиялық саясат пен құқықтық реттеу.

Қазақстанның халықаралық шарттар мен келісімдердегі міндеттемелері. Қазіргі проблемалар және оларды шешудің құқықтық жолдары.

Қазақстан тәжірибесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі.

Бақылау түрі:

Жазбаша реферат (7–8 бет көлемінде, ғылыми стильде, әдебиеттер тізімімен). Қорытынды бағалауға әсері – АБ 100%-ның 10%.

Әдістемелік нұсқау:

Рефератта міндетті түрде кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, әдебиеттер болуы қажет. Заңнамалық актілер мен халықаралық құжаттарға нақты сілтемелер жасалуы тиіс.

Қорғау барысында студент таңдалған тақырыптың өзектілігін, заңнамалық негізін және ұсыныстарын нақты дәлелдеуі қажет.

Әдебиеттер:

ҚР Экологиялық кодексі (2021 ж. 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ). ҚР Су кодексі (2003 ж. 9 шілдедегі №481-II).

ҚР Жер кодексі (2003 ж. 20 маусымдағы
№442-II). Қазақстан Республикасының
Конституциясы (1995 ж.).

United Nations. Sustainable Development Goals (SDGs). – <https://sdgs.un.org/goals>

4- тақырып:

«Қоршаған ортаға келтірілген залалдың орнын толтыру. Экологиялық құқық бұзушылық мәселелері бойынша сот процесін дайындау» - 25 балл

Нысаны:

Практикалық жұмыс (жағдаяттық есептерді шешу және сот процесін модельдеу).

Сабақтың мақсаты:

Студенттерге экологиялық құқық бұзушылықтардың құқықтық табиғатын түсіндіру; Қоршаған ортаға келтірілген залалдың орнын толтыру тетіктерін меңгерту;
Сот ісін жүргізудің кезеңдерімен таныстыру және тәжірибелік дағдылар қалыптастыру.

Сабақтың міндеттері:

Экологиялық құқық бұзушылық түрлерін жіктеу және олардың құқықтық салдарын түсіндіру. Қоршаған ортаға келтірілген залалды анықтау, есептеу және өтеу механизмдерін қарастыру. Экологиялық дауларды шешудегі соттың рөлін түсіндіру.

Практикалық жағдаят бойынша сот процесін үлгілеу (жоба түрінде).

Практикалық тапсырмалар:

Жағдаяттық есеп:

Мысалы: «Б.» өндірістік кәсіпорыны көлге рұқсатсыз ағынды суларды төккен. Салдарынан балықтар қырылып, ауыл шаруашылығы өнімдеріне зиян келген.

Тапсырма:

Құқық бұзушылық құрамын анықтау.

Қолданылатын құқықтық нормаларды көрсету (ҚР Экологиялық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, Азаматтық кодекс).

Келтірілген залалды есептеу тәсілін түсіндіру.

Қандай орган немесе тұлға сотқа жүгінуге құқылы екенін анықтау. Сот процесін модельдеу:

Топ екіге бөлінеді: талапкер (экологиялық орган немесе зардап шеккен тарап) және жауапкер (өндірістік кәсіпорын).

Әр тарап өз ұстанымын заңға сүйене отырып дайындайды. Сот рөліндегі студент істі тыңдап, шешім шығарады.

Негізгі сұрақтар:

Экологиялық құқық бұзушылық түрлері (әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-құқықтық). Қоршаған ортаға келтірілген залалды есептеу әдістемелері.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің ерекшеліктері. ҚР сот тәжірибесінде экологиялық істердің қаралуы.

Бақылау түрі:

Жағдаяттық есепті жазбаша шешу;

Сот процесін рөлдік ойын түрінде қорғау; Қорытынды пікірталас.

Әдістемелік нұсқау:

Студенттер ҚР заңнамасы бойынша «Қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу» туралы баптарымен алдын ала танысады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі экологиялық құқық бұзушылықтарға қатысты нормаларды зерттейді.

Азаматтық кодекстегі залалды өтеу институтымен байланысын қарастырады. Практикалық тапсырманы орындау барысында нақты мысалдар келтіру ұсынылады.

Әдебиеттер:

ҚР Экологиялық кодексі (02.01.2021 ж.).

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (2014 ж.). ҚР Азаматтық кодексі (1994 ж.).

ҚР Қылмыстық кодексі (2014 ж.) – экологиялық қылмыстар тарауы.

Студентке СӨЖ (СОӨЖ) тиімді ұйымдастыру үшін нұсқамалар

СӨЖ-дің басты міндеті семинар және дәрістік сабақтарына дайындалу. Семинар сабағында тақырыптың негізгі сұрақтары қарастырылады. Семинар сабағының тақырыптық жоспары, негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімі, семинар сабағының тақырыптарына әдістемелік кеңестері «не?» және «қалай істеу керек?» деген сұрақтарға жауап береді. Семинар сабақтардың тақырыптары бойынша әдістемелік кеңестерді мұқият оқып, семинар сабағының тақырыптық жоспарының сұрақтарына өзіндік жауап дайындаңыз. Әр сұрақты дайындау барысында схема түрінде, қысқаша жауаптың тезисін және негізгі ережелерін белгілеңіздер. Дайындықты аяқтағаннан кейін өз біліміңізді өзін-өзі тескеру сұрақтарының көмегімен тексеріңіз. Өзіндік жұмыс барысында қиындық туғызған сұрастарды жазып алып оқытушымен талқылаңыз.

СӨЖ нысандарын және мазмұнын құрастыру.

«Экологиялық құқық» курсы СӨЖ нысанының кең жүйесін қамтиды. Оларға келесілер жатады:

оқытушы ұсынған дәрістеді оқу;
негізгі оқулық бойынша семинар сабағына дайындалу;
белгілі тақырып бойынша рефераттар дайындау;
рефераттарға, эссеге, баяндамаларға өзара сын-пікір жазу;
курс терминдері бойынша кроссвордтар мен глоссарийлар дайындау; есептер шығару;
статистикалық анықтамаларды талдау;
топтық жобаға қатысу;
таңдаған тақырып бойынша презентация жасау; тақырып бойынша жалпылау (обзор) дайындау.

Студентке СӨЖ (СОӨЖ) тиімді ұйымдастыру үшін нұсқамалар Өткен материалды пысықтау. Өткен дәріс материалдарын пысықтау

өзіндік жұмыстың маңызды түрі болып табылады. Материалдың толық және тереңірек пысықталуы, өзіндік жұмыстың басқа түрлерін орындаған кезде жеңілдік туғызады. Алғашқы сабақтан бастап, өткен дәріс материалдарымен жүйелі түрде жұмыс жасау, келесі дәрістердің материалдарын түсіну үшін және практикалық және лабораториялық сабақтардың материалдарын игеруге қажетті талаптар болып табылады.

Материалды пысықтауға кірісу кезінде қажет:

дәрістердің конспектсі болуы;

курс бағдарламасының болуы;

ұсынылған әдебиеттердің болуы (оқулық, оқу құралы, есептер жинағы), қажетті жағдайда керекті құралдардың, материалдардың және құрылғылардың болуы;

Жұмыс әдісі: дәріс материалдарын мақсатты түрде пысықтау;

конспектпен жұмыс жасау барысында әдебиеттерге сілтеме жасау тиімді болады (бұл емтиханға дайындалған кезде қажет болады) және керекті толықтырулар, ал қажет жағдайда өзгерістер енгізу тиімді болады;

тақырыппен жұмыс жасау, материалды толық түсінгенге және есте сақтағанға дейін жалғасуы тиіс;

тақырыппен жұмыс жасау, оқулықтарда және оқу құралдарында келтірілген мысалдар мен есептерді талықлаумен және оларды шешудің әдістерін толық игергеннен кейін аяқталады;

егер тақырыппен жұмыс жасағаннан кейін түсініксіз сұрақтар туындаса, оларды оқытушымен келесі дәрісте талқылау қажет.

Есептерді шешу. Тапсырмаларды орындау әдістемесі:

мұндай тапсырмаларды орындауды тек қана берілген тақырып бойынша материалды пысықтағаннан кейін бастауға болады;

есептерді шығаруға кіріскен кезде оның шарттарын мұқият оқып шығу қажет;

шығарудың жоспарын ойластыру;

есепті шығару кезінде пайдаланылуға тиісті нормативтік-құқықтық актілерді анықтау;

есептің мазмұнына кіретін жағдайдың (ситуация) мәнін қайталап мұқият қарау;

алғашқыда есепті шығаруды жалпы түрде жүзеге асыру, содан кейін заңның бабын анықтау;

тиісті құқық нормаларының мазмұнын жүзеге асыру;

шешімнің дұрыстығының анализін жасау.

Коллоквиумға дайындалу. Курстың теоретикалық бөлімін игеру

дәрежесін бағалау үшін кейбір пәндер бойынша колоквиум (әңгімелесу) өткізіледі. Соған байланысты колоквиумға ұсынылатын сұрақтар бойынша теоретикалық материал тағы да қайталануы тиіс.

Бақылау жұмыстарына дайындық. Бақылау жұмыстарын өткізудің мақсаты болып табылады:

студенттердің ағымдағы білімдерін тексеру;

студенттің дайындығын анықтау;

үлгерімі төмен студенттермен жұмыс жасау әдістемесін ұйымдастыру. Бақылау жұмысына дайындалу барысында студенттер мына жағдайларды білуі қажет:

бақылау жұмысының тақырыбын білу;

естегі теориялық материалды және берілген тақырып бойынша есептер шешімінің негізгі әдісін жаңарту;

оқулықтардағы қарастырылған мысалдар мен есептерді және тәжірибелік сабақтарда қарастырылған есептерді қайта қарау.

Егер студент, бірінші дәрістен бастап өткен материалдар бойынша жүйелі түрде жұмыс жасайтын болса, онда бақылау жұмысына дайындық еш қиындық туғызбайды және көп уақытты қажет етпейді.

Жобаларды орындау. Жобалар мен жұмыстарды орындау кезінде тапсырмамен бірге кафедрада берілген әдістемелік нұсқауларды басшылыққа алу керек. Тапсырманың орындалу тәртібі:

тапсырманы орындауды өзіндік жұмыстардың орнатылған кестесінен кеш мерзімнен бастамау;

егер тапсырманы орындау кезінде қиындықтар туындайтын болса, онда курстың тиісті тақырыбына қайтып келіп, оны қайта жасап және содан кейін тапсырманы орындауға қайта кірісу керек;

егер бұдан кейін қиындықтар туындаса, онда оқытушыға консультацияға келу керек;

қабылданған шешімді талдау;

тапсырманы қорғауға дайындалу барысында теорияның тиісті жағдайларын тексеру және кейбір мәліметтердің өзгеруіне байланысты шешім ойластыру;

тапсырманы орындау барысында пайдаланылған әдістерді түсінгендігіне көз жеткізу;

тапсырма кестеде орнатылған мерзімнен кешіктірілмей қорғалуы керек, басқа жағдайда ол академиялық қарыз болып есептеледі.

Өзіндік жұмысқа берілетін уақыт шектеулі, сондықтан өзіндік жұмысты дұрыс жоспарлай білуді үйрену, өзіндік жұмыстың дағдыларын игеруге ұмтылу, оң тәжірибені қабылдау, жұмыс қабілеттігін сақтау үшін өнімді жұмыс жасай білуді және дұрыс демалуды үйрену қажет.

Ескерту: Ұсынылған әдебиеттер мен нормативтік-құқықтық актілер тізімі әрекеттегі заңдылықтар есебімен өзгеруі мүмкін (силлабусты қараңыз).

**«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ» СӨЖ тапсырмаларын
орындау және тапсыру кестесі**

№	Білім алушылардың өзіндік жұмыс тапсырмалары	Білім алушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау формасы	Білім алушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларын өткізу уақыты (оқу аптасы)
1	02 қаңтар 2021 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, жалпы сипаттамасы	25 балл. Жұмысты бағалау негіздер і: Идеяның дұрыстығы, материалдардың терең зерттелуі, шешімнің толық болуы, көркемдік безендірілуі, шешендік өнері.	2-3 аптада тапсырманы алу; 4 апта СӨЖ тапсыру нысаны – ауызша қорғау. Тақырыпты ашу кезінде: осы қатынасты реттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау, алыс-жақын мемлекеттердің бірінің заңнамасымен салыстыру, ерекшеліктерін көрсету керек.
2	Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару – топтық жұмыс	25 балл. Жұмысты бағалау негіздер і: Идеяның дұрыстығы, материалдардың терең зерттелуі, шешімнің толық болуы, көркемдік безендірілуі, шешендік өнері.	6-аптада тапсырма ны алу; 7 аптада тапсыру және қорғау; тапсыру нысаны – дебат, презентация қорғау. Тақырыпты ашу кезінде: осы қатынасты реттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау, алыс-жақын мемлекеттердің бірінің заңнамасымен салыстыру, ерекшеліктерін көрсету керек.

3	«Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу барысында»: «Құрлықтың экожүйесін сақтаудың құқықтық негіздері», «Теңіздегі экожүйені сақтаудың құқықтық негіздері», «Климаттың өзгеруімен күрестің құқықтық негіздері», «Таза су және халықтық санитарлық жағдайын құқықтық реттеу» (презентация, реферат).	25 балл. Жұмысты бағалау негіздері: Идеяның дұрыстығы, материалдардың терең зерттелуі, шешімнің толық болуы,көркемдік безендірілуі, шешендік өнері.	9 аптада тапсырманы алу; 11 апта СӨЖтапсыру нысаны – презентация қорғау. Тақырыпты ашу кезінде: осы қатынастыреттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау,алыс- жақын мемлекеттердің бірінің заңнамасымен салыстыру, ерекшеліктерін көрсету керек.
4	«Қоршаған ортаға келтірілген залалдың орнын толтыру. Экологиялық құқық бұзушылық мәселелері бойынша сот процесін дайындау	25 балл. Жұмысты бағалау негіздері: Идеяның дұрыстығы, материалдардың терең зерттелуі, шешімнің толық болуы,көркемдік	13 аптада алу, 14 апта, тапсыру; нысаны – жазбаша. Тақырыпты ашу кезінде: осы
		безендірілуі,шешендік өнері.	қатынастыреттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау.

Экологиялық құқық пәні бойынша:

Студенттердің өзіндік жұмысын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар. СӨЖ үшін тапсырмалар:

СӨЖ студенттердің дәріс тақырыптары бойынша жеке сұрақтарды өз бетінше оқуы түрінде орындалады. Әр тақырып бойынша жеке сұрақтар студенттің өз бетінше қарауына қалдырылады. Студенттердің өз бетінше қарауы үшін әр тақырып бойынша нақты сұрақтар жоғарыда көрсетілген. СӨЖ студенттің ұсынылған әдебиет бойынша ұсынылған сұрақты зерттеу жолымен орындалады. Содан кейін СӨЖ (практикалық сабақтар) үшін дәптерге сұрақтың қысқаша конспектісін жазбаша баяндау қажет.

ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

СОӨЖ бойынша барлық тапсырмалар мерзімінде орындалуы және тапсырылуы тиіс.

Егер тапсырма мерзімінде орындалмаса, балл төмендейді.

Тапсырманы орындау кезінде дербес және шығармашылық тәсілге үлкен мән беріледі.

Жауап жіберген кезде талап етіледі сілтеме басылымдар.

Рефераттарды рәсімдеу ережесі:

Тақырып соңында нүкте қойылмайды. Тақырып әрқашан қалың шрифтпен белгіленеді. Тараудың немесе параграфтың тақырыптары мен кейінгі мәтін арасындағы қашықтық үш интервалға тең болуы тиіс.

Барлық беттер титулдық парақтан бастап нөмірленеді; бет нөмірінің саны төменде қойылады; титулдық парақта бет нөмірі қойылмайды. Әрбір жаңа бөлім жаңа беттен басталады.

1. Жоспар қарапайым болуы тиіс: Кіріспе, Негізгі бөлім, Қорытынды, Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

2. Сілтемелер міндетті түрде көрсетіледі.

3. Жұмыс көлемі 7-8 парақты құрауы тиіс.

Рефератта схема, сауалнама және диаграмма түріндегі қосымшалар болуы мүмкін.

Рефератты рәсімдеуде суреттер мен кестелер қабылданады.

СОӨЖ 1. «02 қаңтар 2021 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, жалпы сипаттамасы» - 25 балл **Сабақтың мақсаты:**

Студенттерге Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің (02.01.2021 ж. қабылданған) құрылымын, мазмұнын, негізгі қағидаттары туралы білім қалыптастыру.

Негізгі сұрақтар:

1. ҚР Экологиялық кодексінің қабылдану мақсаты мен алғышарттары.
2. Кодекстің құрылымы: бөлімдері, тараулары, баптарының саны.
3. Жаңа кодекстің бұрынғы (2007 ж.) Экологиялық кодекстен айырмашылығы.
4. Экологиялық реттеу қағидаттары: «ластаушы төлейді», «жасыл технологиялар», «үздік қолжетімді техникалар».
5. Экологиялық бақылау мен жауапкершілік жүйесі.

Бақылау түрі:

Ауызша сұрау, талдау сұрақтары.

Әдістемелік нұсқау:

Студенттер сабаққа дейін ҚР 2021 ж. Экологиялық кодексінің құрылымымен танысып келуі тиіс. Сабақ барысында негізгі баптарға тоқталып, алдыңғы кодекспен салыстыру тапсырмасы беріледі. Талқылауда практикалық мысалдар келтіріледі (қалдықтарды басқару, экологиялық рұқсаттар, ҚОӘБ рәсімі).

Әдебиеттер:

2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ.

СОӨЖ 2: Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару – 25 балл

Сабақтың мақсаты мен міндеттері:

Студенттердің экологиялық құқық саласындағы мемлекеттік басқару тетіктерін терең түсінуін қамтамасыз ету;

Зерттеу, талдау және көпшілік алдында баяндау

дағдыларын дамыту; Топтық жұмыс пен ғылыми ойлауды қалыптастыру.

Сабақтың форматы (Нысаны):Топтық жұмыс (2–3 студент бірігіп орындайды).

Тапсырма мазмұны:Әрбір топ мемлекеттік реттеу мен басқару функцияларының бірін тандайды (мысалы: экологиялық сараптама, экологиялық сақтандыру, қоршаған ортаға эмиссияларды реттеу, қалдықтарды басқару, экологиялық бақылау, қоршаған ортаны қорғаудағы экономикалық тетіктер және т.б.).

Сол функция бойынша:Презентация (PowerPoint немесе басқа форматта) әзірлейді.Қысқаша реферат (3–5 бет көлемінде) жазады.Сабақта өз жұмыстарын қорғап, талқылауға қатысады.

Бақылау түрі:

Презентация қорғау. Реферат тапсыру. Топтық жұмыс нәтижесін бағалау

Әдістемелік нұсқау:

Топтарға бөлу сабақ басында жүргізіледі.

Әр топ таңдалған функцияны ҚР Экологиялық кодексінің тиісті баптарына сүйене отырып ашады.

Презентация 7–10 слайдтан аспауы тиіс.

Реферат ғылыми стильде, әдебиеттер тізімімен жазылады.

Қорғау кезінде әр студент қатысуы тиіс (бірі таныстырады, бірі талдайды, бірі қорытынды жасайды).

Әдебиеттер:

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (02.01.2021 ж., №400-VI ҚРЗ).

СООЖ 3:

«Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу барысында»:

«Құрлықтың экожүйесін сақтаудың құқықтық негіздері»,

«Теңіздегі экожүйені сақтаудың құқықтық негіздері»,

«Климаттың өзгеруімен күрестің құқықтық негіздері»,

«Таза су және халықтық санитарлық жағдайын құқықтық реттеу»

Студент осы тақырыптардың бірін таңдап, жазбаша реферат әзірлеуі және оны қорғауы тиіс. – **25балл**

Нысаны:

Жеке жазбаша жұмыс (реферат) және ауызша қорғау.

Сабақтың мақсаты:

Студенттердің Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) аясында экологиялық құқықтың негізгі бағыттарын игеруін қамтамасыз ету.

Таңдалған экожүйе немесе құқықтық сала бойынша заңнамалық негіздерді талдау. Халықаралық тәжірибе мен ұлттық заңнаманы салыстыра отырып, ұсыныстар жасауға үйрету. Ғылыми талдау жасау, құқықтық ұсыныстар енгізу.

Негізгі сұрақтар:

ҚР заңнамасындағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің құқықтық негіздері. Таңдалған экожүйеге қатысты экологиялық саясат пен құқықтық реттеу.

Қазақстанның халықаралық шарттар мен келісімдердегі міндеттемелері. Қазіргі проблемалар және оларды шешудің құқықтық жолдары.

Қазақстан тәжірибесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі.

Бақылау түрі:

Жазбаша реферат (7–8 бет көлемінде, ғылыми стильде, әдебиеттер тізімімен). Қорытынды бағалауға әсері – АБ 100%-ның 10%.

Әдістемелік нұсқау:

Рефератта міндетті түрде кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, әдебиеттер болуы қажет. Заңнамалық актілер мен халықаралық құжаттарға нақты сілтемелер жасалуы тиіс.

Қорғау барысында студент таңдалған тақырыптың өзектілігін, заңнамалық негізін және ұсыныстарын нақты дәлелдеуі қажет.

Әдебиеттер:

ҚР Экологиялық кодексі (2021 ж. 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ). ҚР Су кодексі (2003 ж. 9 шілдедегі №481-II).

ҚР Жер кодексі (2003 ж. 20 маусымдағы №442-II). Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 ж.).

United Nations. Sustainable Development Goals (SDGs). – <https://sdgs.un.org/goals>

СООЖ 4:

«Қоршаған ортаға келтірілген залалдың орнын толтыру. Экологиялық құқық бұзушылық мәселелері бойынша сот процесін дайындау» - 25 балл

Нысаны:

Практикалық жұмыс (жағдаяттық есептерді шешу және сот процесін модельдеу).

Сабақтың мақсаты:

Студенттерге экологиялық құқық бұзушылықтардың құқықтық табиғатын түсіндіру; Қоршаған ортаға келтірілген залалдың орнын толтыру тетіктерін меңгерту;

Сот ісін жүргізудің кезеңдерімен таныстыру және тәжірибелік дағдылар қалыптастыру.

Сабақтың міндеттері:

Экологиялық құқық бұзушылық түрлерін жіктеу және олардың құқықтық салдарын түсіндіру. Қоршаған ортаға келтірілген залалды анықтау, есептеу және өтеу механизмдерін қарастыру. Экологиялық дауларды шешудегі соттың рөлін түсіндіру.

Практикалық жағдаят бойынша сот процесін үлгілеу (жоба түрінде).

Практикалық тапсырмалар:**Жағдаяттық есеп:**

Мысалы: «Б.» өндірістік кәсіпорыны көлге рұқсатсыз ағынды суларды төккен. Салдарынан балықтар қырылып, ауыл шаруашылығы өнімдеріне зиян келген.

Тапсырма:

Құқық бұзушылық құрамын анықтау.

Қолданылатын құқықтық нормаларды көрсету (ҚР Экологиялық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, Азаматтық кодекс).

Келтірілген залалды есептеу тәсілін түсіндіру.

Қандай орган немесе тұлға сотқа жүгінуге құқылы екенін анықтау. Сот процесін модельдеу:

Топ екіге бөлінеді: талапкер (экологиялық орган немесе зардап шеккен тарап) және жауапкер (өндірістік кәсіпорын).

Әр тарап өз ұстанымын заңға сүйене отырып дайындайды. Сот рөліндегі студент істі тыңдап, шешім шығарады.

Негізгі сұрақтар:

Экологиялық құқық бұзушылық түрлері (әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-құқықтық). Қоршаған ортаға келтірілген залалды есептеу әдістемелері.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің ерекшеліктері. ҚР сот тәжірибесінде экологиялық істердің қаралуы.

Бақылау түрі:

Жағдаяттық есепті жазбаша шешу;
Сот процесін рөлдік ойын түрінде қорғау; Қорытынды пікірталас.

Әдістемелік нұсқау:

Студенттер ҚР заңнамасы бойынша «Қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу» туралы баптарымен алдын ала танысады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі экологиялық құқық бұзушылықтарға қатысты нормаларды зерттейді.

Азаматтық кодекстегі залалды өтеу институтымен байланысын қарастырады. Практикалық тапсырманы орындау барысында нақты мысалдар келтіру ұсынылады.

Әдебиеттер:

ҚР Экологиялық кодексі (02.01.2021 ж.).

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
кодексі (2014 ж.). ҚР Азаматтық кодексі
(1994 ж.).

ҚР Қылмыстық кодексі (2014 ж.) – экологиялық қылмыстар тарауы.